

«М.Б.Ықсанов атындағы № 36 ЖОББМ» КММ

Тақырыбы: Қазақстанның ғарыш
технологиясын игерудегі жетістіктер

Жетекшісі: физика пәні мұғалімі Купжасарова А.К.

Орындаған: 9 сынып оқушысы Аманова Асем Максотовна



Орал қаласы, 2018

ЖЫЛ



Қазақстан Республикасының Ұлттық ғарыш агенттігі

Қазғарыш - ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік реттеуді, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте ғарыш қызметі саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын, ҚР-сы Үкіметінің құрамына кірмейтін ҚР-сының орталық атқарушы органы. Агенттіктің қызметі аясындағы негізгі міндеттері : ғарыш қызметі саласында бірыңғай мемлекеттік саясат қалыптастыру және оның негізгі бағыттарын іске асыруды қамтамасыз ету, өз құзыреті шегінде ғарыш саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу мен үйлестіруді жүзеге асыру, ҚР-сында мақсатты ғарыш жүйелерін, жер үсті ғарыш инфрақұрылымы объектілерін, ғарыштық зерттеулер мен технологияларды, кадр әлеуетін қамтитын ғарыш саласын қалыптастыру және дамыту, ғарыштық технологиялар мен қызметтер нарығын қалыптастыру үшін жағдай жасау қызметтерін атқарады. Ғарыш инфрақұрылымын құру және дамыту» және Ғарыш саласындағы ғылыми және ғылыми-технологиялық базаны дамыту» деген екі стратегиялық бағытта іске асырылады. Қазғарыш және оның бағыныстағы ұйымдары стратегиялық бағыттары мен бағдарламалық құжаттары шегінде негізгі инвестициялық жобалары іске асырылуда



- 1991 Ю.А. Гагарин атындағы ғарышкер дайындау орталығында әзірлігін бастады. «Союз ТМ» ғарыш кемесінде және «Мир» орбиталды кешенінде жылдамдатылған машықтануын ұшу бағдарламасы бойынша өтті.
- 1991 жылы 2 қазанда Тоқтар Әубәкіров зерттеуші ғарышкер есебінде, А. Волков және Ф. Фибөк, «Союз ТМ-13» ғарыш кемесімен ғарышқа ұшуға кірісті. Апта бойы «Мир» орбиталды кешенінде жұмыс істеді.
- 1991 ж. 10 қазанда Т. Әубәкіров, А. Арцебарский, Ф. Фибөк «Союз ТМ-13» ғарыш кемесімен Жерге қайтып қонды. Ғарышта өткізген мерзімі — 7 күн 22 сағат 13 минут.

- 1994 ж. ғарышқа 1-ші рет ұшқанда, 126 күн ғарышта өткізген.
- 1998 ж. ғарышқа 2-ші рет ұшқанда, 208 күн ғарышта өткізген. Гиннестің үздік табыстар кітабында бір айдың ішінде 5 рет не бары 30 сағат 8 минут ұзақтығымен ашық ғарышқа шыққанны жазылып алынған. Американ ғарышкері Л. Эйартс пен ресей ғарышкері Н. Бударинмен бірге ұшқан. Ресей ғарышкерлері Н. Бадулин мен Ю. Батулинмен бірге қонды.
- 2001 ж. ғарышқа 3-ші рет ұшқанда, 8 күн ғарышта өткізген.

- 12.10.2012 жылғы ҚР-сы Үкіметінің №1304 қаулысы негізінде ҚР-сының ғарышкері дәрежесі берілді.
- 2015 жылы 2 қыркүйекте 2-бортинженер ретінде транспорттық пилоттанған «Союз ТМА-18М» кемесінде ЭП-18 саяхаты аясында Байқоңыр ғарыш станциясынан Халықаралық ғарыш станциясына аттанды.
- Айдын Айымбетов ғарышта 10 күн болып, маңызды зерттеулер жүргізген болатын..



*Айдын Айымбетовтың ғарыштағы
бірнеше ғылыми тәжірибелері*



KazSat-1 — Жер айналымында тұрақты жайғасымында орнатылған Қазақстанның алғашқы ғарыш жабдығы. 2008 ж. 2 желтоқсанда «Қазсат-1» жер серігі жұмысын толығымен тоқтатқаны туралы Парламент Мәжілісінде Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің отырысында Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы Талғат Мұсабаев мәлімдеді. Борттағы басқару жүйесінің белгісіз себептермен жиі істен шығуы мен құрылғының сапасыздығы мүшкіл жағдайға әкеп соқты, деді агенттік төрағасы. Ал 2011 ж. қыркүйекте Қазақ Ұлттық ғарыш агенттігі төрағасы «Kazsat-1» ғарыш серігі 65 млн. долларға сақтандырылған. «Сондықтан «Kazsat-1» ғарыш серігіне жұмсалған қаржы толығымен қайтарылды деп жариялады.

«ҚазСат-2» – Ғарыш аппараты Қазақстанның аумағындағы спутниктік байланыс пен телехабар тарату, ақпарат пен деректер алмасу жұмыстарына пайдаланылады. Жасанды жерсерігін жасауды Ресейдің М.В.Хруничев атындағы ғарыштық-ғылыми өндірістік орталығы мойнына алған болатын. «ҚазСат-2»-ге қатысты келісімшарт 2006 жылы жасалып, ол бойынша қазақстандық жасанды жерсерігі 2009 ж. желтоқсанда ұшырылуы көзделген еді. Біраз өзгерістерді қажет еткен ғарыш аппаратын ұшыру кейінге шегеріліп, 16 шілдеде Астана уақыты бойынша таңғы сағат 5:16-да сәтті көтерілді. Құрдымға кеткен «ҚазСат-1»-дің құны 65 млн доллар болса, «ҚазСат-2»-ге мемлекет қазынасынан 115 млн доллар бөлінді. «Протон-М» зымырантасығышы арқылы «ҚазСат-2» спутнигімен қатар, ғарыш кеңістігіне америкалық «ОС-2» телекоммуникациялық жерсерігі де жеткізілді. 2011 жылдың қазан айында ресейлік мамандар жерсерікті Қазақстанның ғарыш байланысы республикалық орталығының мамандарына тапсырады.


Қазақстан KazSat спутниктік байланысының арқасында қомақты қаржы үнемдеді

2018 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша, «KazSat» сериялы екі ғарыш аппараттарының сыйымдылығын орташа жүктеу 70 %-ды құрады, бұл әлемдік тәжірибеде жақсы көрсеткіш болып табылады. Себебі әрбір ғарыш аппаратын коммерциялық жүктеу әдетте барлық ресурстың 75-80%-дан аспайды. KazSat ғарыштық спутниктік байланыс іске қосылғалы қызметтер импортын алмастыруда 34 млрд теңгеден астам сомаға қамтамасыз етті. Бүгінгі таңда Қазақстанда мемлекеттің бекітілген байланыс арналарына қажеттілігін толықтай қанағаттандыруға қабілетті толыққанды «KazSat» ғарыштық байланыс жүйесі құрылды.



Байқоңыр (ғарыш айлағы)



Союз ТМА-13 ұшырылуға дайындық



Байқоңырдан Протон зымыраны ұшу сәті



Байқоңыр ғарыш алаңы 1991 ж. Қазақстан Республикасының иелігіне өтіп, 1993 ж. Ресей Федерациясына 20 жылға берілді. Ынтымақтастықтың институционалдық негіздерін жетілдіру мақсатында 1999 бен 2000 жылдары ортақ әрекеттің жаңа келісімдері жасалды.

2006 жылы 9 маусымда Алматыда «Қазғарыш» ұлттық компаниясы мен Alcatel Alenia Space пен CNRS француз компанияларының өкілдері арасында келіссөздер жасалды. Келіссөздер барысында ғылыми серіктердің бір тобын жасау мүмкіндіктері талқыланды. Қазақстандық мамандарға тәжірибе алмасу және «Деметер» француз серігін пайдалану мен құру тәжірибесімен танысу үшін Францияға шақырту алды. Бүгінде біздің республика әлемнің ғарыштық державаларының қатарынан өзінің орнын иеленуге ұмтылады. Қазіргі уақытта ҚР-сының зымырандық технологияларды бақылау режиміне қосылуының халықаралық процедуралары жүріп жатыр. Бұл ҚР-сына халықаралық ғарыштық қызметтің тең құқылы қатысушысы болуға мүмкіндік береді. Соңғы уақытта ғарыштық қызметті коммерцияландыру мен жаһандандыруға ұмтылған ғарыштық кеңістікті игеру мен пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың ауқымының өсуімен байланысты әлемдік ғарыштық индустрияда үлкен өзгерістер жүрді. Әлемнің барлық алдыңғы қатарлы және дамыған елдері – АҚШ, Еуро Одақ елдері, Жапония, ҚХР - зымырандық-ғарыштық технологияларды өз бетінше пайдалануға мүмкіндік алуға ұмтыла отырып, аэроғарыштық қызметті дамытып және жетілдіріп жатқаны айқын. Бұл технологияларды пайдалану аясы кең: бейбіт азаматтық шешімдер мен коммерциялық мақсаттардан бастап ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ауқымды әскери міндеттерді орындауға дейін.

Қорыта келгенде, өткен жылдар ішінде «Байқоңыр» ғарыш айлағы өзінің әлемдік мәнін сақтап қана қоймай, АҚШ, Ресей, Франция, Қытай сияқты және басқа да елдердің ынтымақтастық объектісіне айналды.

Осылайша, Қазақстан өзінің ғарыштық индустриясын дамытуға мүдделі.

Назарларыңызға рахмет!

